

ШАРУАШЫЛЫҚ КЕЛІСІМ ШАРТ

Шымкент қаласы

_____ 2025 ж.

Шымкент қаласындағы "Отырар" колледжі ЖШС атынан директоры Жунусов Олжас Файзуллаевич (Тапсырыс беруші) бір тараптан және «Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті» атынан университет ректоры Р.Ә.Қуатбекова (Орындаушы) екінші тараптан осы шаруашылық келісім - шартжасасты.

1. КЕЛІСІМ-ШАРТ ОБЪЕКТІСІ

1.1 Тапсырыс беруші 7M017 Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау бағытына (7M01710-« Қазақ тілі мен әдебиеті», 7M01720-« Шетел тілі: екі шетел тілі» БББ бойынша орындаушыдан жалпы сомасы 500 000 (бес жүз мың теңге 00 тиын) «Болашақ шет тілі мұғалімдерін студенттермен коммуникативтік өзара іс-қимылға даярлауды жетілдіру» тақырыбына байланысты тапсырыс берді.

2. ЕСЕП АЙЫРЫСУ

2.1. Жұмысты көрсетілген мерзімде орындап тапсыру-қабылдау актісімен тапсырған күні қаражат 100 пайыз аударылады.

3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР

3.1 Тапсырушы міндетті:

3.1.1 Білім беру мекемесінің қаржы жүйесін жоспарлауға жалпы қажетті құжаттармен қамтамасыз ету;

3.1.2 "Отырар" ЖШС колледжі-ның қаржылық-экономикалық көрсеткіштері жөнінде соңғы мәліметтерімен қамтамасыз ету.

3.1.3 Орындаушыны өз міндеттерін ойдағыдай орындауы үшін қажетті материалдармен, жабдықтармен және бөлмемен қамтамасыз ету.

3.2 Орындаушы міндетті:

3.2.1 Ғылыми негізделген «Болашақ шет тілі мұғалімдерін студенттермен коммуникативтік өзара іс-қимылға даярлауды жетілдіру» тақырыбына байланысты тапсырманы жазбаша түрде 2027 жылдың маусым айына дейін берілген сұраныс бойынша қамтамасыз етуге;

3.2.2 Бағдарламаны толыққанды нарық конъюнктурасына сәйкестендіріп, сауатты орындалуын қамтамасыз етуге;

3.2.3 Университеттің филология кафедрасы оқытушы-профессорларына ұсынылған «Болашақ шет тілі мұғалімдерін студенттермен коммуникативтік өзара іс-қимылға даярлауды жетілдіру» тақырыбы бойынша ғылыми мақалалар, оқулықтар жариялау, мемлекеттік тапсырыс бойынша орындалатын ғылыми жобаларға қатысу.

4. КЕЛІСІМ-ШАРТ ЖАСАУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

4.1 Келісім шартта көрсетілген жабдықтау мерзімін кешіктірген жағдайда Тапсырыс берушіге әрбір кешіккен күнге 0,1% өсім есептеледі.

5. ФОРС-МАЖОР

5.1 Келісім-шарт жасаушы Тараптар кенеттен төтенше жағдайлардың әсерінен болған жағдайларға байланысты /өрт, су тасқыны, жер сілкіну т.б./ ғана осы келісім-шарт міндеттемелері бойынша жауапкершіліктен босатылады.

6. ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ШЕШІЛУІ

6.1 Егер даулы мәселелерді келіссөз арқылы шешу мүмкін болмаса, олар ҚР заңдылықтарына сәйкес сот органдары арқылы қаралады.

7. БАСҚА ЖАҒДАЙЛАР

7.1 Келісім-шарт Тараптар қол қойғаннан кейін күшіне енеді және Тараптар міндеттерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

7.2 Жазбаша түрде жасалып, екі жақтың да уәкілдерінің қолдары қойылған жағдайда ғана осы келісім-шартқа жасалған өзгерістер мен қосымшалар енгізілген деп есептелінеді.

7.3 Келісім шарт мерзімі 3 (үш) жыл

8. КЕЛІСІМ-ШАРТ ЖАСАУШЫЛАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН- ЖАЙЛАРЫ:

«Тапсырыс беруші»

"Отырар " колледжі ЖШС
160000, Шымкент қ. Әл-Фараби ауданы,
Быковский көшесі, 30/5 ғим.
БИН 060440014103
БИК EURKZKA-ИИК KZ
KZ6994815KZ122032886
Тел: +77758168853

Директор  С.Ф. Жунусов

« _____ » 2025 жыл



«Орындаушы»

«Академик Ә.Қуатбеков атындағы
Халықтар достығы университеті»
мекемесі.
Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 32
«Halyk Bank» АҚ
БСК120940009832
тел: 8 (7252)95-25-21, 95-25-01
E-mail: info@udn.edu.kz

Ректор  А. Куатбекова

« _____ » 2025 жыл

